

егемен

Қазықаспан

Қазыналы түбекте инвестиция еселенеді

Бүгінгі күні Маңғыстау республикамыздағы мейлінше қарқынды дамып келе жатқан өңір екені белгілі. Егер 2005 жылдың қорытындысына сәйкес, халықтың жан басына шаққандағы жалпы өнім өндірудің орташа көрсеткіші республика бойынша 454,5 мың теңге болса, Маңғыстау облысында бұл көрсеткіш 1 млн. 93 мың теңгеге жеткен еді. Соның ішінде өнеркәсіптің өңдеуші секторындағы өсім 27,8% құрады. Ал осы сектордағы еліміздің орташа өсімі 7,3% ғана болатын.

Маркетингтік-талдамалық зерттеу орталығының 2006 жылы өңірлердің бәсекеге қабілеттігін зерттеу нәтижелері бойынша Маңғыстау облысы Алматы қаласынан кейінгі екінші орында тұр. Былтырғы жылдың көрсеткіші бойынша облыстың сыртқы тауар айналымы алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,5 есеге жуық ұлғайды. Ал экспорт көлемінің өсу қарқыны импорттан 2 есе асып түсті. Соның ішінде шикізаттық емес тауар мен қызметтер экспорты 2 есе артқан. Мұнаймен байланысы жоқ секторды инвестициялау да 2,2 есе өсті. Міне, осынау көрсеткіштердің өзі-ақ бұл өңірдің даму қарқынының жоғары екенін көрсетеді. Сондықтан да маңғыстаулықтар өздерінің жаңа және осы күнге дейін іске аса бастаған соңғы жобаларын еліміздің астанасына әкеліп, мақтанышпен көрсетуге толық қақысы бар еді.

Барлық жаңа жобалар “Жер-Теңіз-Аспан” атты аймақтық инвестициялық бір жобаға біріктірілген екен. Бұл жоба 2006 жылы әзірленіп, өз құрамына “Ақтау теңіз порты” арнайы экономикалық аймағын (АЭА) кеңіту және Құрық жұмысшы кенті мен теңіз портын кешенді дамыту, сонымен бірге облыстың көлік инфрақұрылымын дамыту жобаларының басын біріктіріп отыр. Жобалар жиынтығының құрамдас бөліктері ретінде облыстағы әуежайдың мүмкіншілігін арттыру, автомобиль және темір жолдар салу, энергетиканы дамыту, жаңа “Ақтау-Сити” қаласының іскерлік бөлігінің құрылысын жүргізу, Каспий технологиялық университетін ашу, туризмді дамыту істері де көзделген. Осынау жобалар жиынтығын іске асыру міндеті қазір бірінші кезекке қойылып, облыстың 2015 жылға дейінгі даму стратегиясының негізін қалап отыр. Қазірдің өзінде облыс көлемінде 900 млн. АҚШ долларына тең инвестициялық жобалар іске асырылуда. Ал мына ұсынылған жобалар жиынтығы іске аса бастағанда облысқа құйылатын инвестиция көлемі еселеп артатын болады.

Тұсаукесер рәсімі аясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа “Ақтау теңіз порты” АЭА әрекет етіп жатқан кәсіпорындар көрсетіліп, 20 жаңа инвестициялық жоба таныстырылды. Бұл

жобалардың іске асуы АЭА аумағын 227 гектардан 720 гектарға дейін ұлғайту жағдайында мүмкін болады. Елбасы үстіміздегі жылы АЭА-ны кеңейту туралы өзінің Жарлығына қол қойған еді. Енді үлкен бизнестің еркін көсілуіне мүмкіндіктер туыпты. Айта кетерлігі, қазірдің өзінде АЭА аумағына өндірістерін орналастыруға ниет еткен 26 өтінім түскен. Бірақ, АЭА аумағына барынша жоғары технологиялы, өз өнімдерін экспорттау мақсатын алға қойған, бәсекеге барынша қабілетті өндірістер ғана жіберілмек. Жоғарыда айтқанымыздай, солардың 20-сының жобасы Елбасына таныстырылды.

Халықаралық Ақтау теңіз сауда портына жапсарлас жерлердің бәрін арнайы кеден және салық шарттарына енгізіп, 2003 жылдың 1 қаңтарында Елбасының Жарлығымен АЭА құрылған еді. Ал Ақтау портының өзі 1963 жылы салынған және аса қолайлы географиялық жағдайда орналасқан. Қазір ол Каспий, Қара, Жерорта және Балтық теңізі бассейндерінің, Парсы шығанағы мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің порттарына шығуды қамтамасыз ететін ТРАСЕКА және Солтүстік-Оңтүстік халықаралық тасымалдау дәліздерінің құрамдас бөлігі болып табылады. Мұнда қазір су сыйымдылығы 12 мың тоннаға жететін 4 танкермен жұмыс істеуге мүмкіндігі бар төрт мұнай құю айлағы жұмыс істеп тұр. Жүктерді сақтау мен контейнерлер паркін орналастыруға арналған 75 мың шаршы метрлік ашық алаң мен 6 мың шаршы метрлік төбесі жабық алаңша бар. Сонымен бірге, мұнда бір мезгілде 24 мың тоннаға дейін астық сақтай алатын терминал іске қосылған.

Маңғыстау облысының ғана емес, еліміздің дамуында маңызды фактор болып табылатын алып құрылыстың бірі Құрық теңіз порты. Ол мұнай тасымалдауға және металдан жасалған құрылғылар шығаратын зауыттың қызметін қамтамасыз етуге бағдарланған сыртқы қатынас порты болмақ. Сонымен бірге, мұнда кемелер верфі және Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы қайраңның оңтүстік және орталық бөлігінде жүргізілетін теңіз операцияларын қолдау базасы орналасады. 2006 жылы қабылданған “Концессиялар туралы” Заң мемлекет пен жекеменшік капитал арасындағы әріптестікті дамытуға зор мүмкіндік берді. Сол концессиялық негізде облыста Ақтау қаласының әуежайын қайта құру, Маңғышлақ-Баутино және Ералиев-Құрық темір жол құрылысын салу секілді іргелі инфрақұрылымдық жобалар іске асырылатын болады. Елбасына ұсынылған жобалардың ішінде “Кендірлі” демалыс айлағын дамыту тұжырымдамасы да болды. Бұл істі Президенттің тапсырмасымен облыстық әкімдік іске асырып жатыр екен. Бұдан басқа да ұсынылған тамаша жобалар облыс мүмкіндігінің зорлығын паш етті.

Тұсаукесерден кейін облыс әкімі Қырымбек Көшербаев журналистер алдында сөйлеп, осынау жобалар жиынтығы іске аса бастағанда, облысқа құйылатын инвестициялар көлемі еселеп арта түсетініне сенім білдірді.

Авторы: Жақсыбай Самрат